

УДК 179.9

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ ТАРИХЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА МЕН АДАМГЕРШІЛІК БАЙЛАНЫСЫ: АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФТАР МЫСАЛЫНДА

Баймуратова А.А., Тәуірбай А. Ә.

Msaigerim1@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Султан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: филос.ғ.к Данысбекова Қ.Б

Экономикалық және моральдық қатынастар мәселесі ежелден бері ойшылдарды алаңдатып келе жатқан мәселелердің бірі. Бұл, ең алдымен, адам табиғатының екіжақтылығымен тікелей байланысты. Адам рухани және материалдық болмыстың қосындысынан жаралған туынды болғандықтан, әрқашан дау тудыратын бір мәселе бар: ең бастысы, денені күту ме немесе жанның рухани қорегін қанағаттандыру ма? Адам табиғатының дуальділігі шешім қабылдауда: моральдық идеалдарын қанағаттандыру керек пе немесе экономикалық мақсаттарды көздеуі керек пе? - деген де сұрақ тудырады.

Экономиканың және моральдің өзара байланысы мәселесінің өзектілігін адамның физикалық өмірді сақтау қажеттілігі экономикалық белсенділіктің бар екендігін айқындайды. Адамның физикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін, басқа адамдармен жұмыс істеу, олармен қарым-қатынас орнату, экономикалық алмасым қатынастарымен айналысуы физикалық өмірдің басты шарты болып табылады[1]. Осылайша экономика өмірдің қажеттілігіне айналды. Сондықтан, адамға «экономикада қалай әрекет етуі керек? Нені басшылыққа алады: мораль нормалары ма немесе экономикалық пайдасы ма? Экономикалық саладағы моральдық құндылықтарды, немесе моральдық және экономикалық салаларда - оқшау өмір сүретін салаларды қосу мүмкін бе? Экономикалық және моральдық қатынастар өзара әрекеттескен кезде бір-біріне қалай әсер етеді? - деген секілді көптеген сұрақтар туындайды.

Экономика мен моральдың өзара байланысы мәселесі ежелгі философия мектептерімен кеңінен қарастырылған. Ежелгі ойшылдар жылжымайтын мүлік, байлық, кедейлік, еңбек және экономикалық қызмет сияқты экономикалық санаттарға аса назар аударады. Ежелгі заманның өзінде б.з.д VII ғасырда, кейінірек философияның өркендеуіне негіз қалаған гректердің данышпандары экономикалық өмірдің этикалық аспектісі туралы көптеген ой-пікірлер қалдырған. Фалес, экономикалық басқаруда моральдық басшылықты ескере отырып, бірінші кезекте: «Арсыз жолмен бай бол ма!» ал Биант болса: «Адамгершілігі жоқ адамды байлығы үшін мақтама!»[2] деген ой пікірлер айтады.

Екі ғасырдан астам уақыт өткен соң, ежелгі дәуірдің классикалық кезеңінде Демокрит ләззатты физикалық және рухани түрде бөліп, соңғысына артықшылық береді. Мүлікке деген көзқарас туралы ой айта отырып, ол «материалдық құндылықтарға жету жолында қанағатты басшылыққа алу керек»[3] деп жазады. Бақыт алтын мен мал-мүлікте емес, бақыт адамның рухани дүниетанымында деп топшылайды. Рухани құндылықтар мен материалдық байлықты, экономикалық пайда мен моральдық құндылықтарды біріктіруші адам жаратушы тылсым күштен берілген адамгершіліктік қасиеттерге ие тұлғаның ғана қолынан келетін іс.

Философтың пайымдауынша: «Адамдарды физикалық күш пен материалдық байлық бақытты қылмайды. Адам баласын шынайы бақытқа бөлейтін даналыққа апарар жолға ұмтылу»[3]. Демокрит үшін кедейлік пен байлық адамның байлығының физикалық қасиеттері емес, оның ішкі қажеттіліктерінің көрсеткіші (қажеттілік пен молшылық): «қажеттілігі бар адам, бай емес, мұқтаждығы жоқ адам, кедей емес». Егер адам қажетті нәрсеге қанағатшыл болса және көп молшылық пен шектен тыс байлықты қажет етпесе, онда оған қолындағы бары да көп нәрседей көрінеді, өйткені «қарапайымдылық пен қанағатшылдық кедейлікті байлыққа теңестіреді. Өз кезегінде, материалдық байлықтың ашкөздікпен шамадан тыс жинақтауды және қаржылық тұрақтылықты ұлғайтуға шексіз ұмтылатын қанағатсыз адамдарды Демокрит қатты сынға ала отыра айыптайды: «Ақшасы көп сараң адамның, ең жаман қасиеті- ақшаның шектен тыс мақсатсыз көбеюін қалайтындығында»[3] деген ой білдіреді.

Сократ Демокрит сияқты, бақыт пен адам өмірінің мақсаты байлық, салтанат және сәнде емес, керісінше мұқтаждықтар мен құмарлықтарды тиісті дәрежеде қанағаттандыру да және сезімдер мен адам бойындағы асыл қасиеттерді ақыл мен адамгершілік талаптарына сай қалыпты басқаруда деп біледі. Сократ өзінің бар саналы ғұмырын азаматтардың моральдық тәрбиесіне, саясаттың олқылықтарымен күресуге (заңсыздық, әділетсіздік, ашкөздік, байлық пен байлыққа деген құмарлық, рухани және құдай істеріне назар аудармау) арнайды. Өзінің қоғамның дамуы үшін атқарған еңбегін Құдайдың сыйы ретінде қабылдап ешқандай материалдық есептеулерсіз қызмет атқарады. Сократтың пікірінше: «адам баласы материалдық құндылықты неғұрлым аз қажет етсе, соғұрлым жаратушы күшке жақындай түседі»[4] деген позицияны ұстанады. Осы күрес жолында, әділеттіліктің мәңгілік символы болып қаза табады.

Сократтық мектептердің бірі, Киниктер мектебінің өкілдері де материалдық табыстарға бей-жай қарап, жақсы өмірдің мақсаты - денсаулық, байлық, материалдық жетістік тіпті өмірдің өзі (бұл біздің бақылауымыздан тыс) байлық емес, адам баласы үшін ең маңызды құндылық рухани сабырлық пен нәпсінің қанағаты екендігін айтады. Жоғарыда айтылған пікірден аскетизмнің негізгі моральдық сипатын аңғаруға болады. Аскет адам үшін үй шаруашылығында өте қарапайымдылық өмір сүру, материалдық мұқтаждыққа деген бейжайлық (басты өмірлік қажеттіліктерден басқа) басты қағидаттары, ал табиғи және жеке бостандықты уағыздауы басты мақсаты. Азға қанағат ету адам баласын адамгершілікті өмірге жетелейді, ал шектен тыс материалдық байлық адамды мазасыздық пен рухани тұрақсыз күйге әкеледі. Киниктердің пікірінше табиғатта қажет нәрсенің бәрі бар, сондықтан материалдық байлықты жоғалтпай тыныштықта өмір сүре аласыз, тек шұғыл қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ғана физикалық еңбектенуге болады. Киниктер кез-келген физикалық немесе рухани қайғы-қасіретке жол бермей, мінсіз «ыңғайлы кедейлікті»[5] қарастырады. Самосат қаласынан шыққан грек жазушы-сатригі Лукиан өзінің «Киник» атты сұхбатында былай дейді: «Қаншама күш-жігермен, қан төгіс пен қара тердің еңбегімен келген мына алтынға, күміске, киіммен заттарға қарашы! Осы материалдық құндылықтар жолында қаншама қан, қаншама өлім, мыңдаған қақтығыстар мен соғыстар қаншама бейкүнә жандар мен ашкөз байлардың өмірін алды десенші! Әлі де мыңдаған жандардың жанын алмақ... Әлі де мыңдаған достарды – достарына, балаларын әке-шешелеріне, ал күйеулерін әйелдеріне айдап салмақ...»[5].

Киниктер этикасының іргетас қағидаларының бірі - жеке тұлғаның өзіндік қанағатшылдығы мен өзін-өзі қамтамасыз ету жолында өзгелерден тәуелсіз болу[6]. Киниктердің өзіндік қанағатшылдығында: қажеттіліктердің шектелуі, материалдық тауарлардан бас тарту, барлық адамдар үшін теңдік пен бостандыққа деген сұраныс, құлдықты жеңу, адамның өзіне қажетті қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыруға қабілеттілігін бекіту, еңбектің жоғарылауы және оған моральдық мән беру құбылыстары көрінеді. Бұл сол кезеңге тән кез-келген заманауи жобалардан айырмашылығы, жаңа әлеуметтік утопия болып есептелуінде. Киниктер байлық пен материалдық құндылықты қатты сынға алып, өзінің өмірлік компасы ретінде ақыл мен адамгершілікті көркем

дәріптейді Аскетизм кедейлерге байлардан әлдеқайда бақытты өмір сүруге мүмкіндік береді, оны құмарлықтар мен тілектерден жоғары көтереді. Материалдық байлыққа ие болмаса, оларды жеңілдету онайға түседі, ал кедей адам бас тартқан кезде құдайларға тең болады, өйткені олар ештеңеге мұқтаж емес. Байлық пен мораль бірлесіп өмір сүре алмайды. Мораль тек қана аскеталық өмір салтымен ғана мүмкін, ол бізді босатады. Осылайша, моральдық заңдылық, экономикалық норма ретінде «табиғат» принципі, ішкі бостандыққа ұмтылу, ақыл-ой, автократия, кедейліктің бақыт пен серіктестіктің ізгі қасиеті ретінде даңқталуы – киниктер этикасының негізі және экономика мен моральдық қарым-қатынас мәселесі туралы олардың көзқарасын анық көрсетеді.

Басқа бір Сократ мектебінің өкілдері - Киренайлықтар керісінше, аскетизм бақытты қамтамасыз ете алмайды, өмірдің мәні - бұл рахат деген ойға келеді. Кирендік Аристипп керемет өмірде азғындықтың ешқандай түрі жоқ: «Егер сәнділік жаман болса, онда құдайлардың мерекелерінде (пирінде) сәнділік пен салтанат болмас еді»[7]. Дегенмен, оның ілімдерінің негізі материалдық пайдаға ішкі болмысы байланысты емес болып табылады.

Ұлы Сократтың студенті Платон байлық пен кедейлік жөнінде басқаша бағытты ұстанады. Ол байлық пен кедейлік ұғымдары салыстырмалы екендігін көрсетеді, оларды байлықтың мөлшерімен емес, адамның ішкі қалауымен байланыстырады: «кедейлік - бұл мүліктің азаюы емес, кедейлік материалдық нәпсінің қанағаттанбауы»[8]. Философ ашкөздік пен сарандық нәтижесінде жинақталған артық байлықты айыптайды, өйткені олар адамның адамгершілік дамуына теріс әсер етеді: «Егер біреудің мүлкін біреу әділетсіз жолмен иемденуге ұмтылған болса және иемденгеннен кейін еш қымтырылмаса ол адам өзінде бар ең қымбат дүниені – адамгершілігі мен арың, алтын мен жақұтқа сатқан рухани деңгейі төмен адам»[9] деген позицияны беріп ұстанған.

Ежелгі Шығыс, Антикалық және қазіргі заманның моральдық құндылықтар мен экономикалық мүдделерін зерттеу барысында ежелден әртүрлі көзқарастардың бар екендігін анық аңғарамыз. Ерте заманнан экономикалық қатынастар мен моральдық қасиеттерге байланысты әртүрлі пікірлердің болуы осы тақырып аясында ежелден шешілмеген даулар мен қарама-қайшылықтардың бар екендігінің байқауға болады.

Сол-себеппен, экономика мен адамгершілік қарым-қатынасты қазіргі заманғы адам мен қоғам өміріндегі басымдықтарды толығымен және барабар түсіну үшін өткен дәуірдің призмасы арқылы терең философиялық талдауды қажет ететін мәселе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Философия экономик. История / Базилевич В.Д., Ильин В.В. К., 2011.- 928 б.
2. Асмус В.Ф. Античная философия. М.: Высшая школа, 1999. - 542 б.
3. Фрагменты Демокрита и свидетельства о его учении // Материалисты Древней Греции. Собрание текстов Гераклита, Демокрита и Эпикура. -М.: Гос. изд-во полит, лит., 1955. 53-178 б.
4. Нерсисянц В.С. Сократ. М.: Изд-во «Наука», 1977. - 156 б.
5. Нахов И.М. Философия киников. М.: Наука, 1982. - Режим доступа: <http://lib.rus.ec/b/289847/read>, свободный. - Загл. с экрана.
6. Гусейнов А.А. Истоки нравственности. М.: Знание, 1970. - 33 б.
7. Диоген Лаэртский. О жизни, учениях, изречениях знаменитых философов / пер. М.И. Гаспарова. М.: Мысль, 1986. - 571 б.
8. Платон. Государство // Платон. Сочинения в 4-х т. Т. 3. Ч. 1. / пер. с древнегреч.; под общ. ред. А.Ф. Лосева и В.Ф. Асмуса. СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та; «Изд-во Олега Абышко», 2007. - 97-493 б.
9. Платон. Законы // Платон. Сочинения в 4-х т. Т. 3. Ч. 1. / пер. с древнегреч.; под общ. ред. А.Ф. Лосева и В.Ф. Асмуса. СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та; «Изд-во Олега Абышко», 2007. - 89-513 б.

10.Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. М.: Изд-во соц.-эконом. лит-ры, 1962. - 677 б.